"Бізбен бірге" қоғамдық қоры № 16652083-1 конкурс нәтижелеріне қарсылық білдіреді.

**әлеуетті өнім беруші "Жалынды жастар"** жастар қоғамдық бірлестігінің конкурстық өтінімінде бенефициарлардың нақты тікелей қамтылуы сандық көрсеткішпен көрсетілмеген, сондай-ақ ақпараттық сүйемелдеу бөлімі жоқ. Сонымен қатар, “күтілетін өзгерістер, әлеуметтік әсер” атты міндетті бөлім ұсынылмаған. Аталған бөлімдердің болуы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларымен (конкурстық құжаттаманың 21-қосымшасы) тікелей көзделген және Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінде бұл талаптардың болуына немесе болмауына тәуелді емес. Осы әлеуетті жеткізушінің конкурстық құжаттамасының 12-қосымшасында жұмыс тәжірибесі тиісті түрде расталмаған. Осыған байланысты аталған әлеуетті жеткізушіге “әлеуетті өнім беруші ұсынған жобаның тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына келесі бөлімдерді қоса алғанда сәйкестігі:” және “тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі” критерийлері бойынша **0 балл** қойылуы тиіс.

**"Қармақшы Жастары" ЖҚБ-ның** конкурстық өтінімі Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 460-тармағының талаптарына сәйкес келмейді.
Егжей-тегжейлі жоспардың 10-тармағында іс-шараның нақты өткізу орны көрсетілмеген.

Мамандар туралы мәліметтерде әлеуетті өнім берушінің маманы ЖИЕНКУЖАЕВ ДАУРЕНБЕК АЛМАТОВИЧ бойынша тек жеке куәлік пен зейнетақы аударымдары туралы үзінді қоса берілген, алайда маманның біліктілігін растайтын құжаттар ұсынылмаған.

АБНАЕМ АЙМЕРЕКЕ ОНДАСЫНКЫЗЫ маманында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттармен расталған еңбек өтілін растайтын құжат жоқ Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысы қаражатының түсуі және қозғалысы туралы ақпарат аталған құжаттарға жатпайды

Ал конкурстық құжаттаманың 21-қосымшасына сәйкес мамандардың біліктілігін растайтын құжаттарға білім туралы дипломдар, тиісті тақырыптар бойынша курстардан, семинарлардан өткенін растайтын сертификаттар жатады.

Мамандардың еңбек өтілін растайтын құжаттар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі болуы тиіс.

Осыған байланысты аталған әлеуетті жеткізушіге “Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі” критерийі бойынша **2 балл қойылуы тиіс. Скриншот қоса жалғанады:**

Ескертпе:

* Сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері болып табылады.

** Мамандардың біліктілігін растайтын құжаттар білім туралы дипломдар, тиісті тақырып бойынша курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттар болып табылады.

Мамандардың еңбек өтілін растайтын құжаттар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі болып табылады.

**35-бап. Жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттар**

Мына құжаттардың кез келгені:

1) еңбек кітапшасы;

2) тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты;

3) еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және (немесе) тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;

4) жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер;

5) жұмыс беруші қол қойған және мөрімен (ол болған кезде) растаған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

6) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер;

7) жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;

7-1) дуальды оқыту туралы шарт;

8) жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама;

**«QADAM QARMAQSHY» ҚБ әлеуетті өнім беруші** маманы ШАМШАДИНОВ АСХАТ БОЛАТБЕКҰЛЫ бойынша еңбек өтілін растайтын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі

ұсынылмаған.
Осыған байланысты аталған **әлеуетті өнім берушіге** “Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі” критерийі бойынша **2 балл қойылуы тиіс.**

Жоғарыда айтылғандардың негізінде конкурс нәтижелерін қайта қарауды және критерийлер бойынша балдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайта қоюды талап етеміз.

| № | Әлеуетті өнім берушінің атауы | БСН (ЖСН)/ССН/ТЕН | Шартты жеңілдіктер, % | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Әлеуетті жеткізуші ұсынған жобаның тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына келесі бөлімдерді қоса алғанда сәйкестігі: | Әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының (құрылтайшы құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Заңның 5-бабында көзделген бағыттарға сәйкестігі | Әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер | Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы | Егер жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылса - тиісті аймақтағы үкіметтік емес ұйымның тәжірибесі | Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 | Жалпы балл | Шартты төмендеудің мөлшері, % |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | **тамызда № 17314 болып тіркелген)** | | |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** | **8** | **9** | **10** | **11** |
| 1 | "Қармақшы Жастары" ЖҚБ | 050240014431 | **6** | **2** | **2** | **5** | **6** | **2** | **23** | **20** |
| 2 | "Жалынды жастар" жастар қоғамдық бірлестігі | 070140012039 | **0** | **2** | **2** | **4** | **6** | **4** | **18** | **20** |
| 3 | «QADAM QARMAQSHY» ҚБ | 080540015169 | **6** | **2** | **2** | **5** | **6** | **2** | **23** | **20** |
| 4 | "Nurly jurek ordasy" мүгедектердің ҚБ | 250240001263 | **6** | **2** | **2** | **5** | **0** | **4** | **19** | **20** |
| 5 | "Бізбен бірге" қоғамдық қоры | 150540004179 | **6** | **2** | **2** | **6** | **4** | **4** | **24** | **30** |
| 6 | "Жасыл ел" жастар еңбек отрядтарының республикалық штабы" М | 050540009743 | **6** | **2** | **2** | **8** | **0** | **4** | **22** | **20** |